



МУХТАР АУЛ - ҚАЗАЛЫ

№69
(2134)
Сенбі
5 тамыз
2023 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ МҰХТАР ОРАЗБАЕВТЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНДА БАҚ ӨКІЛДЕРІНЕ АРНАЛҒАН БРИФИНГТЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Құрметті бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері!

Топырағын түрсең тарихы сөйлейтін қасиетті Қазалы ауданы – қашанда қайнаған қызу жұмыстың, тынымсыз тіршіліктің, қарқынды құрылыстың орда-сы. Ауданда жүріп жатқан жүйелі жұмыстар, әрбір жағымды жаңалық пен жаңаруға куә болып жүрсіздер деп есептеймін.

Өздеріңізге белгілі, биыл жыл санап қарқын алып келе жатқан Қызылорда облысының құрылғанына – 85 жыл бол-са, қасиетті Қазалы ауданының құрылғанына – 95 жыл толып отыр. Соның аясында жуырда облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлының қолдауымен адам өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған ортаны қалыптастыру, елді мекендерді тазалық пен көгалдандыру мақсатында «Үлгілі елді мекен» конкурсы өтті.

Аталған конкурста тәуелсіз комиссияның шешімімен «Үздік аудан орталығы» номинациясы бойынша Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті үшінші орынға қол жеткізді.

Аймақ басшысы соңғы үлгідегі жаңа техникалар-ассенизатор машинасы мен жол тазалайтын тракторды табыс етті. Бұл жетістік – аудан халқының бірлігі мен қажырлы еңбегінің нәтижесі десек болады.

ЭКОНОМИКА.

Өздеріңіз білетіндей, ел дамуында жетістікке жетудің бірден-бір жолы – экономика. Сондықтан, негізгі атқарылған жұмыстар мен аудан экономикасы туралы баяндап өтсем.

2023 жылы аудан бюджетін 11,5 млрд.теңгеге бекіттік. Есепті кезеңде нақтыланған бюджет көлемі 13,1 млрд. теңгеге жетті. Оның ішінде 2,3 млрд. теңге өз кірісіміз болса, қалған 10,8 млрд. теңге субвенция, трансферттер және кредиттер арқылы түскен кіріс.

КӘСІПКЕРЛІК.

Өнеркәсіп өнімінің көлемі 11,1 млрд. теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 100,3 пайызға орындалды. Саланың басым бөлігін құрайтын өңдеу өнеркәсібінің көлемі 9,9 млрд. теңге болып, нақты көлем индексі 100,1 пайызды құрады.

Ал шағын және орта кәсіпкерлік саласында 6 760 кәсіпкер тіркеліп, 1 461 кәсіпкерге немесе 27,6 пайызға көбейді. Нақты жұмыс істеп тұрғаны 6 522 бірлік, яғни,



белсенділік көрсеткіші – 96,5 пайыз болды.

Аудан кәсіпкерлері тарапынан 4 млрд. теңгенің өнімі өндіріліп, өнім көлемі 10,8 пайызға өсті. Жыл басынан бері ауданда жаңадан 8 кәсіпкерлік нысан бой көтеріп, 28 адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етті.

Кәсіпкерлікті қолдау шараларына келсек, қаржы ұйымдары тарапынан 247 жоба бойынша аудан кәсіпкерлеріне 2,2 млрд. теңге несие берілді. Бөлшек сауда айналымы 5,4 млрд. теңге болып, 2,6 пайызға көбейді.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ.

Ауыл шаруашылығына келетін болсақ, өнімінің жалпы көлемі 5,7 млрд. теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 2 пайызға артық орындалды.

Аудан бойынша биыл барлығы 17 377 га ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылды. Негізгі дақыл күріш – 6450 га, бақша – 1115 га, көкөніс – 950 га, картоп – 315 га, мал азықтық дақылдары – 6876 га.

Сырдария өзенінде қалыптасқан су тапшылығына байланысты биік жерлерде орналасатын күріш егісінің көлемін қысқартып, әртарапандыру бағытындағы дақылдардың егіс көлемін ұлғайтуға ерекше мән берілді.

Аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес бақша, көкөніс дақылдары жоспардан тыс қосымша 130 га жерге орналастырылды.

Есепті кезеңде ауданнан Ресей, Белоруссия, Дания, Германия, Тәжікстан, Қытай, Нидерланд елдеріне 3539 тонна (2421 тн күріш, 557 тн балық, 561 тн қамыс) ауыл шаруашылығы өнімдері

экспортқа шығарылды.

ИНЖЕНЕРЛІК - ИНФРАҚҰРЫЛЫМ.

Ауданның инженерлік-инфрақұрылымын дамыту мәселесі басты назарда. Себебі, жер кезегінде тұрған тұрғындардың саны жылдан жылға артып келеді.

Тұрғын үй кезектілігін азайту мақсатында биыл Ф.Мұратбаев ауылынан жаңадан ашылған аймақта салынатын тұрғын үйлерді ауыз су, газ және электрмен жабдықтау үшін 310,483 млн. теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары жүруде.

Сонымен қатар, Әйтеке би кентіндегі көлемі 180 гектар жер учаскесіндегі тұрғын үйлерге сервистік ауыз су желісін жүргізуге 109,4 млн. теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары аяқталу үстінде.

Бұдан бөлек, жергілікті бюджеттен бөлінген 32,1 млн. теңгеге аудан орталығынан көлемі 600 гектар жер учаскесінен салынатын тұрғын үйлерді инженерлік-инфрақұрылыммен қамтамасыз ету жобасы әзірленіп, тиісті орталық атқарушы органдарға қаржыландыруға ұсынылды.

Сонымен қатар, аудан орталығы – Әйтеке би кентінің шет аймағындағы үйлерді электр желісімен қамтамасыз ету жұмыстарына – 319 млн.теңге бөлінді. Ал осы жылға бөлінген қаржы – 187,0 млн теңгені құрайды.

ГАЗДАНДЫРУ.

Ауданда газдандыру жұмыстары да қарқынды жүріп жатыр. Өткен жылы Қазалы қаласы мен Жалаңтөс батыр, Қ.Пірімов, Басықара ауылдары көгілдір отынға қосылып, бүгінде тұрғындар игілігін көруде.

Нәтижесінде ауданда тұрғын үйлердің газға қосылуы 63,2 пайызға жетті.

Қазіргі таңда Абай аулын газдандыру жұмыстарын бастауға 41,153 млн. теңге бөлініп, құрылыс-монтаж жұмыстары жүріп жатыр. Сәтін салса, абайлық ағайын үшін жағымды жаңалықтың ауылы алыс емес.

Сонымен қатар, ауданға қарасты тағы 5 ауылға магистральдық газ құбырын жеткізу үшін және Ақтан батыр аулының орамшілік газ желілерін жүргізуге жеке кәсіпкерлердің демеушілігімен жоба-сметалық құжаттары әзірленді.

АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ.

Соңғы жылдары ауданда ауыл арасындағы жолдар мен елді мекеншілік көшелердің жағдайы жақсарып келеді.

Жалпы, ауданның коммуналдық меншігінде 406,2 шақырым аудандық маңыздағы автомобиль жолдары бар.

Өткен жылы 8 жоба қолға алынып, 75 шақырым жол мен 1 темірбетонды көпір жөндеуден өтті.

Биыл тағы аудандық маңыздағы 4 автомобиль жолдарын орташа жөндеуге және 1 жолды қайта жаңғыртуға бюджеттен 1,2 млрд. теңге қаржы қаралып отыр.

Сонымен қатар, Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласы аралығындағы автомобиль жолын қайта жаңғырту жұмыстары биыл аяқталады деп жоспарлануда. Ол үшін бюджеттен 801,8 млн. теңге қаралды. Ал «Қарлаң» көпірінің құрылысын жалғастыруға бюджеттен 1,6 млрд. теңге бөлінді.

Сондай-ақ, Әйтеке би кентінің Жанқожа батыр мен Әйтеке би көшелерін қайта жаңғырту жұмысын бастауға 150,0 млн. теңгеге мемлекеттік сатып алу конкурстары жүргізіліп, мердігер мекемемен келісім-шарт жасалды.

Аудан орталығы мен елді мекеншілік көшелерді жөндеу жұмыстары да назардан тыс қалған емес.

Қазалы қаласының 15 көшесін қайта жаңғыртуға 851,9 млн.теңге қаржы бөлініп, тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Сонымен қатар, Ү.Түктібаев елді мекенінің 6 көшесін жөндеу жұмыстарын жүргізуге 520,7 млн теңге бөлінді.



ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ МҰХТАР ОРАЗБАЕВТЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНДА БАҚ ӨКІЛДЕРІНЕ АРНАЛҒАН БРИФИНГТЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

ҚҰРЫЛЫС.

Негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 5,9 млрд. теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда нақты көлем индексі 100,8 пайыз болды.

Пайдалануға берілген тұрғын үй көлемі 20 423 шаршы метрді құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 9,6 пайызға артық орындалды.

Сонымен қатар, облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы арқылы 3 ауылда дәрігерлік амбулатория құрылысы басталды. Ол үшін Ұлттық қордан 1 150,7 млн. теңге бөлінген болатын.

БІЛІМ БЕРУ.

Ауданның білім беру саласында барлығы 91 (мектеп – 37, кешкі мектеп – 1, мектеп дейінгі білім ұйымдары – 50, қосымша білім беру ұйымдары – 3) білім беру ұйымдары жұмыс істейді.

Қазіргі таңда Әйтеке би кентіндегі 250 орындық мектеп құрылысы қарқынды жүруде. Ауданда апатты жағдайда деп танылған бір мектептің мәселесі шешіліп, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Жанқожа батыр аулынан 300 орындық мектеп бой көтермек. Бұдан бөлек, кент пен қала ортасында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 600

орындық білім ошағының іргетасы қаланады.

Сондай-ақ, «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында Қ.Пірімов аулындағы №92 мектепті күрделі жөндеуге бюджеттен 231,4 млн. теңге бөлініп, қазіргі таңда қызу жұмыс жүріп жатыр. Нысанның құрылысын 25 тамызға дейін аяқтау жоспарланып отыр.

Биылғы жылы 3 мектепке аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының қолдауымен балалар тасымалы үшін заманауи үлгідегі 3 автобус берілді.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ.

Халық денсаулығын нығайту – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Саланың материалдық-техникалық жағдайын нығайту мәселесі күн тәртібінен түскен емес.

Жоғарыда айтып өткендей, биыл «Бозкөл», Абай, «Кәукей» елді мекендерінде дәрігерлік амбулаторияның құрылысы басталды.

Үстіміздегі жылы аудандық аурухана ғимаратына жапсарлас 46 төсектік қосымша құрылыстың (МРТ бөлімі, кардиология және инсульт орталығы) жоба-сметалық құжаттары дайындалып, мемлекеттік сараптамадан қортынды алу үшін тапсырылды.

Сонымен қатар, Әйтеке би

кентіндегі бұрынғы емхана (қазіргі Жетес би дәрігерлік амбулаториясы) және Ұлттық сараптама орталығының Қызылорда облысы бойынша филиалының Қазалы аудандық бөлімшесі ғимараттарына (СЭС лаборатория) күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

СПОРТ.

Спорт – денсаулық көпірі десе, ауданда бұқаралық спортпен тұрақты түрде айналысатындар саны – 38 пайызға жетті. Спорт түрлері бойынша жерлестеріміз Әлем чемпионаттарында 1 күміс, Азия чемпионатында 4 алтын, 6 күміс медаль жеңіп алса, Халықаралық турнирлерде 3 алтын, 6 күміс, 8 қола медальды қоржынға салды.

Ү.Түктібаев аулындағы спорт кешені биыл пайдалануға берілді. Одан бөлек, Жанқожа батыр, «Майдакөл», Бекарыстан би, Қашақбай Пірімов, Басықара, «Ақсуат», Жанкент ауылдарындағы спорт алаңдары биыл жөндеуден өткізілді.

МӘДЕНИЕТ.

Жыл басынан бері ұлттық мәдениетті ілгерілетуге және дәстүрлерді жаңғыртуға, салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған түрлі форматтағы 576 іс-шара өткізілді.

Осы жылы Әйтеке би кентінде 600 орындық мәдениет Үйі және «Кәукей» аулынан 100 орындық клуб пайдалануға беріледі деп жоспарлануда. Сонымен қатар, «Бірлік», «Майдакөл», «Шәкен» ауылдарынан 100 орындық клуб құрылысын салу үшін тиісті құжаттары әзірленді.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ.

2023 жылы 2 634 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған. Есепті кезеңде 2 158 жаңа жұмыс орны ашылып, жоспар 81,9 пайызға орындалды.

ЖАСТАР САЯСАТЫ.

Қазір аудан халқының 29,9 пайызы – жастар. Бүгінгі күнге дейін ерікті жастардың қатысуымен барлығы 300-ден аса іс-шаралар өткізілді. Ал оған 8000 мыңнан астам жастар қатыстырылды.

Қадірлі брифингке қатысушылар!

Қазалы ауданында жыл басынан бергі атқарылған жұмыстардың легі осындай. Бастысы – елдің тыныштығы мен береке-бірлігі. Елде тыныштық пен бірлік болса, алдағы уақытта да аудан экономикасының қарқынды дамуына құтты қадамдар жасалып, аудан халқының қолдауымен жүзеге асыратын боламыз.

«Тұран-Ақпарат»

АУДАН ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті көлік саласының қызметкерлері!

Қадірлі сала ардагерлері! Баршаңызды көлік қызметкерлері күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Көлік және теміржол салалары – қашан да экономиканы алға жылжытушы күш, әрі экономиканың бірден-бір дінгегі десек артық айтқандық емес.

Тыныс-тіршілігіміз үшін маңызды саланы алға жылжытуға білікті де білімді, іскер де қабілетті маман ретінде Сіздер өзгелерге үлгі-өнеге болып, ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық деңгейінің артуына өлшеусіз үлес қосып келесіздер.

Мезгілдің ыстық-суығымен күні-түні жол жүріп, ел абыройы мен ризығын молайтып, өзіне жүктелген міндетті мүлтіксіз орындап жүрген мамандар қандай мадақ, марапатқа да лайық. Себебі, көлік және теміржол саласы қызметкерлеріне, яғни, Сіздерге жүктелетін міндет те ауқымды.

Құрметті көлік саласының қызметкерлері!

Бүгінгі кәсіби мерекелеріңізбен тағы құттықтай отырып, Өздеріңізге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге жеміс тілеймін. Еліміз аман, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын!

Құрметпен,
Мұхтар Оразбаев,
Қазалы ауданының әкімі

6 тамыз-теміржол саласы қызметкерлерінің мерекесі

МЕРЕКЕГЕ ТАБЫСПЕН КЕЛГЕН ҰЖЫМ

Қазалы пайдалану вагон депосын ширекғасырға жуық ҚР құрметті теміржолшысы, аудандық мәслихаттың депутаты Арғын Қайырбайұлы Орымбаев ініміз басқарып келеді. Қазалыдағы іргелі теміржол мекемесі қызмет көрсету аясының кеңдігімен ерекшеленеді. Мәселен, депо ұжымы Түркістан облысының жанындағы Сауран бақылау бекетінен Сексеуіл техникалық қызмет көрсету бекетіне дейін және Сексеуілден Жезқазған облысына қарасты «Қоскөл» бақылау бекетіне дейінгі аралықта жолаушылар пойыздары мен жүк пойыздарына техникалық қызмет көрсетеді. Жолаушылар мен тасымалданған жүктердің межелі жеріне жеткізілуіне депоның 383 жұмысшы – қызметкерлері тікелей жауапты.

Теміржолшылар мерекесі қарсаңында вагон пайдалану депосының бастығы Арғын Қайырбайұлы Орымбаев інімізбен әңгімелескен едік.

Тілші:

-Алдымен вагон пайдалану депосының негізгі атқаратын жұмысына тоқталып өтсеңіз?

А.Орымбаев:

-Иә, біздің негізгі атқаратын жұмысымыз пойыздарға техникалық қызмет көрсету. Демек, пойыз құрамасы тіркемесіндегі вагондарды мұқият қарап,

ақауларды тауып, апаттың алдын аламыз. Вагон қараушылар мен жөндеушілер жөндеу тұйығында ақаулы вагондардың істен шыққан бөлшектерін жөндеп немесе жаңасымен ауыстырып құрама қатарына қайта қосып жөнелтеді. Нақтысы жарты жылдықта ағымдағы жөндеу тұйығында 750 вагон жөнделді. Оның ішінде 258 вагонның доңғалақ жұбы, 344 вагонның тежегіші, 90 вагонның соққы құрылғылары, 41 вагонның арбашасы, 17 вагонның шанағы жөндеуден өткізілді. Сондай-ақ вагон қабылдаушылар 261 вагонды қабылдап, 56 вагонды күрделі жөндеуден, 193 вагон доңғалағын жөндеуден өткізді. Осы жерде атап айтар жағдай вагон қабылдаушылар М.Көшекбаев пен М.Орымбаев вагондардың ақауын алыстан байқап қырағылық танытты.

Тілші:

-Істі кадрлар шешеді дейміз ғой. Осы жаңа ғана тәжірибелі шебер, қырағы мамандардың бір-екеуінің есімдерін атап қалдыңыз. Олардың қатары мекемеде көп болар. Сол жайлы айтып өтсеңіз?

А.Орымбаев:

-Менің де айтайын дегенім сол еңбек майталмандары жөнінде ғой. Қиын ақауларды тауып қозғалыс қауіпсіздігін сақтаған «Кәсібі бойынша

үздік» төс белгісін иеленген Қалдыбек Басшыбаев пен «Құрметті теміржолшы» төсбелгісін алған Түстібай Қараманұлы мен Айбо-сын Сүндетов, жоғары орындардың мерекелік медалі, мақтау қағаздары мен алғысын алған Байғабыл Есімбетов, Наурызбай Әбуов, Ержан Нұрбетов, Мариямкүл Рсалиева, Айсәуле Алтынбаева және басқаларының есімдерін ерекше атап айтуға болады.

Тілші:

-Ұжымда жұмысшы-қызметкерлерге қандай әлеуметтік көмектер, қайырымдылық шаралары көрсетіледі.

А.Орымбаев:

-Жұмысшы-қызметкерлерімізге қамқорлық жасаудан кенде емеспіз. Басқасын айтпағанда қызметкеріміз қайтыс болғанда 100 айлық есептік көрсеткіш (АЕК), қызметкердің зайыбы немесе ата-анасы қайтыс болған жағдайда 50 АЕК, бала тууына немесе асырап алуына байланысты 30 АЕК, бекеттерде жұмыс істейтіндерге 40 АЕК, некеге тіркелуіне байланысты 15 АЕК мөлшерінде төленеді. Әрбір жұмысшы-қызметкердің жылына бір рет теміржолмен жолда жүру билеттерінің құнын өтейміз.



БӨЛШЕК САЛЫҚТЫҢ АРНАУЛЫ САЛЫҚ РЕЖИМІН ҚОЛДАНУ ТУРАЛЫ

Елімізде төтенше жағдай режимі мен енгізілген карантиндік шараларға орай, 2021 жылдың 1 қаңтарынан 2023 жылдың 1 қаңтарына дейінгі мерзімде бизнес үшін дағдарыстың алдын алу шарасы ретінде бөлшек салық режимі күшінде болды.

2023 жылдың басында нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістерге сәйкес, бөлшек салық режимін қоғамдық тамақтандыру саласында жұмыс жасайтын кәсіпкерлік субъектілері ғана қолдана алды.

2023 жылдың 20 наурызында Салық кодексіне бөлшек салықтың арнаулы салық режимі бойынша өзгерістер 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап ретроспективті түрде енгізілді. Осыған орай, бөлшек сауда салығының мерзімі шектеусіз және арнайы салық режимін қолдана алатын қызмет

түрлерінің тізбесі кеңейтілді (190 қызмет түрі енді).

Осыған байланысты, Салық кодексінің 696-3 бабы 5-тармағын негізге ала отырып, аймақ кәсіпкерлерінің бизнесін қолдау және салық ауыртпалығын жеңілдету мақсатында бөлшек салықтың арнаулы режимін қолдана алатын қызмет түрлері үшін бөлшек салық мөлшерлемесін 50%-ға, яғни 4%-дан 2%-ға дейін төмендету мүмкіндігі (облыс көлемінде) қарастырылды.

Жоғарыда аталған салық мөлшерлемелерін бөлшек салықтың арнайы салық режимін мынадай шарттарға сәйкес келетін салық төлеушілер қолдануға құқылы:

1) салық кезеңі үшін қызметкерлердің орташа тізімдік саны 200 адамнан аспайды;

2) күнтізбелік жылдағы табыс республикалық бюджет туралы заңда белгіленген

және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын 600 000 айлық есептік көрсеткіштен (2023 жылы шамамен 2 млрд.70 млн.теңгені құрайды) аспайды;

3) осы режимді қолдану мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған қызмет түрлерінің біреуін немесе бірнешеуін ғана жүзеге асырады.

Құрылтайшысы немесе қатысушысы бір мезгілде бөлшек салықтың арнайы салық режимін қолданатын басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы немесе қатысушысы болып табылатын заңды тұлғалар бөлшек салықтың АСР-ін қолдануға құқылы емес.

Бөлшек салықтың АСР-ге ауысуы (аударымы) кез келген қолданылатын салық салу режимінен жүзеге асырылады.

Бөлшек салықтың АСР қолданатын салық төлеушілер

ҚҚС және әлеуметтік салықты төлеушілер болып табылмайды.

Бөлшек салық мөлшерлемелері:

- 4% - Қазақстан Республикасында және оның шегінен тыс жерлерде салықтық кезеңде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша. Бұл ретте жергілікті өкіл органдардың (Мәслихат) белгіленген мөлшерлемені қызмет түріне және объектінің орналасқан жеріне қарай 50 пайыздан аспайтын мөлшерде төмендетуге құқығы бар. Осы ретте, 4%-дан 2%-ға дейін төмендетілді;

- 8% - корпоративтік немесе жеке табыс салығын есептеу үшін шығыстар сомаларын шегерімге жатқызу бойынша (бұл мөлшерлеме төмендетуге жатпайды).

Қазалы ауданының кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі

190 қызмет түрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2023 жылғы 22 мамырдағы
№ 393 қаулысына қосымша

БӨЛШЕК САЛЫҚТЫҢ АРНАУЛЫ САЛЫҚ РЕЖИМІН ҚОЛДАНУ МАҚСАТТАРЫ ҮШІН ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ

Р/с	ЭКЖЖ	Қызмет түрлері
1	2	3
1	01.70.0	Аңшылық пен аулау, осы салаларда көрсетілетін қызметтерді ұсынуды қоса алғанда
2	33.17.9	Басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де көлік құралдары мен жабдықтарын жөндеу
3	43.22.0	Сумен жабдықтау, жылыту және ауа баптау жүйелерін монтаждау
4	43.29.1	Оқшаулау жұмыстары
5	43.31.0	Сылақ жұмыстары
6	43.32.0	Ағаш шебері және ағаш ұстасы жұмыстары
7	43.33.0	Еден жабыны және қабырғаларды қаптау жұмыстары
8	43.34.0	Сырлау және шыны салу жұмыстары
9	43.39.0	Өзге де әрлеу жұмыстары
10	43.91.0	Жаппа жұмыстары
11	45.11.2	Сауда алаңы 2000 ш.м-ден кем болатын сауда объектілерінде автомобильдерді және жеңіл автокөлік құралдарын бөлшек саудада сату
12	45.19.2	Сауда алаңы 2000 ш.м-ден кем болатын сауда объектілерінде өзге де автокөлік құралдарын бөлшек саудада сату
13	45.20.1	Жол бойындағы белдеулерде орналасқан техникалық қызмет көрсету станциялары жүргізген қызметтерді қоспағанда, автомобильдерді жөндеу және техникалық қызмет көрсету
14	45.20.2	Жол бойындағы белдеулерде орналасқан техникалық қызмет көрсету станцияларының техникалық қызмет көрсетуі және автомобильдерді жөндеуі
15	45.32.1	Сауда алаңы 2000 ш.м-ден кем болатын сауда объектілерінде атомобильдерге арналған тетіктер, түйіндері мен құрал – саймандарды бөлшек саудада сату
16	45.40.2	Мотоцикл, мотороллер, олардың бөлшектері мен құрал-саймандарын бөлшек саудада сату
17	45.40.3	Мотоциклдерге және мотороллерлерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу
18	47.11.1	Сауда алаңы 2000 ш.м-ден кем сауда объектілері болып табылатын мамандандырылмаған дүкендерде көбінесе тамақ өнімдерін, сусындар мен темекі өнімдерін бөлшек саудада сату
19	47.19.1	Сауда алаңы 2000 ш.м-ден кем сауда объектілері болып табылатын мамандандырылмаған дүкендердегі өзге де бөлшек саудада сату
20	47.19.2*	Сауда алаңы 2000 ш.м-ден астам (2000 ш.м. және жоғары) сауда объектілері болып табылатын мамандандырылмаған дүкендердегі өзге де бөлшек саудада сату

21	47.21.1	Сауда алаңы 2000 ш.м-ден кем сауда объектілері болып табылатын мамандандырылған дүкендерде жеміс-жидектер мен көкөністерді бөлшек саудада сату
22	47.22.1	Сауда алаңы 2000 ш.м-ден кем сауда объектілері болып табылатын мамандандырылған дүкендерде тауық, қыр құсы және олардан жасалған өнімдерді бөлшек саудада сату
23	47.22.4	Сауда алаңы 2000 ш.м-ден кем сауда объектілері болып табылатын мамандандырылған дүкендерде ет және ет өнімдерін өзге де бөлшек саудада сату
24	47.23.1	Сауда алаңы 2000 ш.м-ден кем сауда объектілері болып табылатын мамандандырылған дүкендерде балық, шаян тәрізділерді және моллюскілерді бөлшек саудада сату
25	47.24.1	Сауда алаңы 2000 ш.м-ден кем сауда объектілері болып табылатын мамандандырылған дүкендерде нан-тоқашты, ұннан жасалған және қантты кондитерлік өнімдерді бөлшек саудада сату
26	47.25.1	Сауда алаңы 2000 ш.м-ден кем сауда объектілері болып табылатын мамандандырылған дүкендерде сусындарды бөлшек саудада сату
27	47.26.1	Сауда алаңы 2000 ш.м-ден кем сауда объектілері болып табылатын мамандандырылған дүкендерде темекі өнімдерін бөлшек саудада сату
28	47.29.1	Сауда алаңы 2000 ш.м-ден кем сауда объектілері болып табылатын мамандандырылған дүкендерде тамақ өнімдерін өзге бөлшек саудада сату
29	47.30.2	Мамандандырылған дүкендерде майлау материалдарын бөлшек саудада сату
30	47.30.3	Жол бойындағы белдеулерде орналасқан мамандандырылған дүкендерде жанармайды бөлшек саудада сату
31	47.41.1	Сауда алаңы 2000 ш.м-ден кем сауда объектілері болып табылатын мамандандырылған дүкендерде компьютерлер, шалғай жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді бөлшек саудада сату
32	47.42.1	Сауда алаңы 2000 ш.м-ден кем сауда объектілері болып табылатын мамандандырылған дүкендерде телекоммуникациялық жабдықтарды бөлшек саудада сату
33	47.43.1	Сауда алаңы 2000 ш.м-ден кем сауда объектілері болып табылатын мамандандырылған дүкендерде аудио және бейнеаппаратураны бөлшек саудада сату



[illegible]

76	47.78.5*	Сауда алаңы 2000 ш.м-ден астам (2000 ш.м. және жоғары) сауда объектілері болып табылатын мамандандырылған дүкендерде өзге де бөлшек саудада сату	115	56.29.2	Жолаушылар пойыздарындағы тамақтандыруды ұйымдастырудың өзге түрлері
77	47.78.9	Сауда алаңы 2000 ш.м-ден кем сауда объектілері болып табылатын мамандандырылған дүкендерде өзге де бөлшек саудада сату	116	56.29.9	Басқа топтамаларға енгізілмеген тамақтануды қамтамасыз ету бойынша өзге де қызмет
78	47.79.1	Сауда алаңы 2000 ш.м-ден кем сауда объектілері болып табылатын дүкендерде ұсталған тауарларды бөлшек саудада сату	117	56.30.0	Сусындарды ұсыну
79	47.79.2*	Сауда алаңы 2000 ш.м-ден астам (2000 ш.м. және жоғары) сауда объектілері болып табылатын дүкендерде ұсталған тауарларды бөлшек саудада сату	118	68.20.1***	Жеке меншік жылжымайтын мүлікті жалдау және басқару
80	47.81.1	Сауда палаткаларында, дүкеншелерде және дүңгіршектерде тамақ өнімдерін, сусындар мен темекі өнімдерін бөлшек саудада сату	119	68.20.2***	Жалға алынатын жылжымайтын мүлікті жалдау (қосалқы жалдау) және пайдалану
81	47.81.2	Базарларда тамақ өнімдерін, сусындар мен темекі өнімдерін бөлшек саудада сату	120	68.31.2	Өндірістік емес мақсаттағы басқа да жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату және жалға беру кезіндегі делдалдық көрсетілетін қызметтер
82	47.82.1	Сауда палаткаларында, дүкеншелерде және дүңгіршектерде киімдерді, аяқ киімдерді және тоқыма өнімдерді бөлшек саудада сату	121	74.10.0	Мамандандырылған дизайнерлік қызмет
83	47.82.2	Базарларда киімдерді, аяқ киімдерді және тоқыма өнімдерді бөлшек саудада сату	122	74.20.0	Фотография саласындағы қызмет
84	47.89.1	Сауда палаткаларында, дүкенше мен дүңгіршектерде өзге де тауарларды бөлшек саудада сату	123	74.30.0	Ауызша және жазбаша аударма қызметі
85	47.89.2	Базарларда өзге де тауарларды бөлшек саудада сату	124	75.00.0	Ветеринариялық қызмет
86	47.91.0	Поштамен тапсырыс беру немесе Интернет желісі арқылы бөлшек саудада сату	125	77.11.1	Жеңіл автомобильдер мен жеңіл автокөлік құралдарын жалдау
87	47.99.1	Тасымалдау және таратпа бөлшек саудада сату	126	77.12.1	Жүк автомобильдерін жалдау
88	47.99.2	Желілі маркетинг арқылы бөлшек саудада сату	127	77.21.0	Ойын-сауық және спорттық жабдықтарды жалдау және лизинг
89	47.99.9	Дүкендерден тыс өзге де бөлшек саудада сату	128	77.29.0	Жеке тұтынатын өзге де заттарды және тұрмыстық тауарларды жалдау және лизинг
90	49.31.1	Автобуспен тасымалдау	129	78.10.0	Жұмысқа орналастыру жөніндегі агенттіктердің қызметі
91	49.31.9	Кестеге бағынатын өзге де көлік түрлерімен тасымалдау	130	78.20.0	Уақытша жұмысқа орналастыру жөніндегі агенттіктердің қызметі
92	49.32.0	Такси қызметі	131	81.29.0	Тазалау бойынша өзге де қызмет
93	49.39.0	Басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де құрлықтағы жолаушылар көлігінің қызметі	132	81.30.0	Аумақтарды абаттандыру бойынша қызмет
94	49.41.0	Жүк автомобиль көлігінің қызметі	133	82.19.0	Құжаттарды көшіру, дайындау бойынша және өзге де мамандандырылған офистік қосалқы қызмет
95	49.42.0	Көшіру жөніндегі қызмет көрсету	134	85.10.0	Мектепке дейінгі білім беру
96	50.10.0	Теңіз және су жағасындағы жолаушылар көлігінің қызметі	135	85.20.0	Бастауыш білім беру (1-ші деңгей)
97	50.20.0	Теңіз және су жағасындағы жүк көлігінің қызмет	136	85.53.0	Көлік құралдары жүргізушілерін дайындау мектептерінің қызметі
98	50.30.0	Өзендегі жолаушылар көлігінің қызметі	137	85.59.9	Басқа топтамаларға енгізілмеген білім беру саласындағы өзге қызмет
99	50.40.1	Ағаш ағызудан басқа, өзендегі жүк көлігінің қызметі	138	86.10.3	Санаториялық-курорттық ұйымдардың қызметі
100	52.21.4	Автомобиль тұрақтарының қызметі	139	86.21.0	Жалпы дәрігерлік практика
101	55.10.1**	Жол бойындағы белдеулерде орналасқан қонақ үйлерді қоспағанда, мейрамханалары бар қонақ үйлердің қызмет көрсетуі	140	86.22.0	Арнайы дәрігерлік практика
102	55.10.2**	Жол бойындағы белдеулерде орналасқан қонақ үйлерді қоспағанда, мейрамханалары жоқ қонақ үйлердің қызмет көрсетуі	141	86.23.0	Стоматологиялық қызмет
103	55.10.3**	Ресми іс-шараларға арналған мейрамханалары бар қонақ үй қызметтерін көрсетуі	142	87.10.0	Тұруды қамтамасыз етумен орта медициналық қызметкерлердің көрсететін қызметтерімен бірге әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну
104	55.10.4**	Жол бойындағы белдеулерде орналасқан қонақ үйлердің қызмет көрсетуі	143	87.20.0	Психикасының бұзылуы (сырқаттармен), ақыл-ой және дене кемістіктері, маскүнемдік пен есірткіге тәуелділікке ұшыраған адамдарға тұруды қамтамасыз ете отырып, әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну
105	55.20.0	Демалыс күндерінде және қысқа мерзімді тұрудың өзге де кезеңдерінде тұрғын үй беру	144	87.30.0	Тұруды қамтамасыз ете отырып, егде азаматтар мен мүгедектерге әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну
106	55.30.1	Жол бойындағы белдеулерде орналасқандарды қоспағанда, кемпингтер, автофургондарға арналған тұрақтар және тұруға арналған автотіркемелермен қызмет көрсету	145	87.90.0	Тұруды қамтамасыз ете отырып, өзге де әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну
107	55.30.2	Жол бойындағы белдеулерде орналасқан кемпингтер, автофургондарға арналған тұрақтар және тұруға арналған автотіркемелермен қызмет көрсету	146	88.10.0	Егде азаматтар мен мүгедектерге тұру қамтамасыз етілмейтін әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну
108	55.90.1	Мектеп-интернаттарда жатақханалармен қызмет ұсыну	147	88.91.0	Балаларға жасалатын күндізгі күтім
109	55.90.2	Студенттік жатақханалармен қызмет ұсыну	148	88.99.0	Басқа топтамаларға енгізілмеген, тұру қамтамасыз етілмейтін өзге әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну
110	55.90.9	Басқа санаттарға енгізілмеген тұруға арналған басқа да орындармен қызмет ұсыну	149	90.01.1	Театр қызметі
111	56.10.1	Жол бойындағы белдеулерде орналасқан объектілердің қызметін қоспағанда, мейрамханалардың қызметі және тамақ өнімдерін жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтер	150	90.01.2	Концерт қызметі
112	56.10.2	Мейрамханалардың қызметі және жол бойындағы белдеулерде орналасқан объектілердің тамақ өнімдерін жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтер	151	90.01.3	Цирк қызметі
113	56.21.0	Тапсырыспен дайын тамақ жеткізу	152	90.03.0	Көркем және әдеби шығармашылық
114	56.29.1	Елді мекендерден тыс жерде тамақтануды ұйымдастырудың өзге де түрлері	153	90.04.0	Концерттік және театр залдарының қызметі
			154	91.01.2	Оқырмандар залын, лекторийлер, көрсету залдарының қызметін қоса алғанда кітапхана қызметі
			155	91.01.4	Кітап палаталарының қызметі
			156	91.02.0	Музейлер қызметі
			157	91.03.0	Тарихи орындар мен ғимараттар және ұқсас туристік керікті жерлер
			158	91.04.1	Ботаникалық бақтар мен хайуанаттар бақтарының қызметі
			159	93.11.0	Спорт имараттарын пайдалану
			160	93.12.0	Спорт клубтарының қызметі
			161	93.13.0	Фитнес-клубтардың қызметі

● 6 тамыз-теміржол саласы қызметкерлерінің мерекесі

МЕРЕКЕГЕ ТАБЫСПЕН КЕЛГЕН ҰЖЫМ

(Соңы. Басы 2-бетте)

Егерде жұмысшы-қызметкеріміз жасанды тіс салдырса 15 АЕК мөлшерінде материалдық көмек көрсетіледі. Биылғы жылдың алты айында тіс салдырған 18 жұмысшыға 905000 теңге, балалы болған 13 жұмысшыға 1 329 000 теңге, туыстарын жерлеген 5 жұмысшыға 1 035 000 теңге, мерейтойын өткізген 3 адамға 670 000 теңге көмек бердік. 109 адамның жолда жүру билеттеріне 822 000 теңге жұмсадық.

Вагон пайдалану депосының зейнеткерлері де қамқорлықтан тыс қалған жоқ. Жасанды тіс салдырған 5 ардагерге 173 000 теңге қаржы бөлдік. Қайтыс болған 3 адамға 155 000 теңге көмек көрсеттік. 9 адамның жолда жүру билеттеріне 174 000 қаржы бөлдік.

Тұрмысы төмен немесе аз қамтылған отбасыларға қайырымдылық көмектер көрсетеміз. Жұмысқа орналасуға қабылдауға келген азаматтардың бос жұмыс орындарына орналасуына ықпал жасаймыз.

Мына бір жайды айтпай кетуге болмас. Өткен жылғы қайғылы қаңтар оқиғасы кезінде Қазалы пайдалану вагон депосының ұжымы вокзал алаңына қазан – ошақ орнатып, тоқтап тұрған

пойыздардағы жолаушыларды ыстық аспен қамтамасыз етті. Ауыз су, дәрі-дәрмегін алып берді. Сондықтан жолаушылар бізге жүрек жарды алғыстарын айтты. Мұны мен неге айтып отырмын. Қазақ халқының бауырмалдығын осындай қиын кезде ісімізбен көрсете алдық. Және біз ұжымымыздың бірлігі мен ынтымағын, қиын кезде бауырларымызға көмек көрсетіп, қол соза беретінімізді дәлелдедік.

Тілші:

-Арғын Қайырбайұлы сөз соңында өз әріптестеріңізге қандай мерекелік тілек айтар едіңіз.

А. Орымбаев:

-Теміржолшылардың барлығы да төл мерекелеріне лайықты табыспен келіп отырғанын жақсы білемін. Әріптестеріме қызметтерінде абырой, отбасыларында амандық, өздеріне мықты денсаулық, еңбекте табыс, қуаныш, жақсы көңіл күй тілеймін.

Иә, көп жылдардан бері жарыстың жеңімпазы атанып келе жатқан Арғын Қайырбайұлы Орымбаев басқаратын Қазалы пайдалану вагон депосының ұжымы төл мерекелерін табысты қарсы алып отыр.

Әңгімелескен:
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

МЕНИҢ АТАМ ТЕМІРЖОЛШЫ БОЛҒАН

Марқұм, нағашы атам Сембай Талқанбаев теміржолшы болған. Қиыр шығыстағы соғыстан жеңіспен оралған соң Қазалы паровоз депосына жұмысқа орналасқан. Паровозда кочегар болыпты. Кейін паровоз, бертініректе тепловоз машинисі қызметін атқарған.

Біздің мақтан етеріміз атамыз Сембай қатардағы теміржолшы ғана емес, еңбек озаты болған. Депоның мақтанышы ретінде талай рет құрметтелген. Мәжілістің төрінен орын алған. Атамның көзі тірісінде айтқан әңгімелерінен байқағаным көптеген тепловоз машинисі көмекшілерін мамандығына баулыған. Оларға ақылшы ұстаз болған. Атамның үлгісімен інісі Қамысбай атамда тепловоз машинисі болып қызмет атқарып еңбек демалысына шықты. Баласы Болат тепловоз машинисінің көмекшісі болып еңбек жолын бастап, кейін теміржол ин-

ститутын бітірді. Қазір Алматы қаласында тұрады. Ортаншы ұлы Мұрат тепловоз жөндеу зауытында өндіріс шебері болып қызмет атқарып, қазір кезекші жұмысына ауысты. Күйеу баласы Бақыт та теміржолшы. Олардың теміржолшы мамандығын таңдауы атамның өнегесі деп білемін.

Иә, жоғарыда айтқанымдай атамды мақтаныш етемін дедім ғой. Өйткені ол кісі Құрметті теміржолшы белгісімен марапатталған. КСРО Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығымен «Құрмет белгісі» орденімен наградталған. Отбасы мүшелері атамның теміржолшы мамандығын меңгергенін мақтаныш етеді. Сондықтан біздер – немерелері де теміржолшы мамандығына ерекше құрметпен қараймыз.

Теміржолшылар мерекелеріңіз құтты болсын!

Эльмира СЕЙТЕНОВА,
Әйтеке би кенті

162	93.19.0	Спорт саласындағы өзге де қызмет
163	93.21.0	Ойын-сауық және тақырыптық парктердің қызметі
164	93.29.1	Би залдары, дискотекалар қызметі
165	93.29.2	Родео, тирлар қызметі
166	93.29.3	Қуыршақ театрларының қызметі
167	93.29.9	Демалысты және ойын-сауықты ұйымдастыру бойынша қызметтің өзге де түрлері
168	95.11.0	Компьютерлер мен шеткері жабдықтарды жөндеу
169	95.21.0	Электрондық тұрмыстық техниканы жөндеу
170	95.22.0	Тұрмыстық аспаптарды, үй және бау-бақша жабдықтарын жөндеу
171	95.23.1	Аяқ киімдерді жөндеу
172	95.23.2	Табиғи және жасанды былғарыдан жасалған жол және галантерея бұйымдарын жөндеу
173	95.24.0	Жиһаздарды және интерьер заттарын жөндеу
174	95.25.1	Қолсағаттар мен өзге де сағаттарды жөндеу
175	95.25.2	Зергерлік бұйымдарды жөндеу
176	95.29.1	Трикотаж және тоқыма бұйымдарды жөндеу
177	95.29.2	Тігін бұйымдарын, бас киімдерді және тоқыма галантерея бұйымдарын жөндеу
178	95.29.3	Тері және былғары бұйымдары мен бас киімдерді жөндеу
179	95.29.4	Музыкалық аспаптарды жөндеу
180	95.29.5	Кілемдер мен кілем бұйымдарын жөндеу
181	95.29.6	Велосипедтер жөндеу
182	95.29.9	Басқа топтамаларға енгізілмеген жеке пайдаланатын өзге де заттар мен тұрмыстық тауарларды жөндеу
183	96.01.1	Кірлерді жуу және өңдеу
184	96.01.2	Химиялық тазалау және бояу
185	96.02.0	Шаштағардың, сұлулық салондарының көрсететін қызметтерін ұсыну
186	96.03.0	Жерлеуді ұйымдастыру және онымен байланысты қызмет
187	96.04.0	Физикалық жайлылықты қамтамасыз ету бойынша қызмет
188	96.09.0	Басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де жеке көрсетілетін қызметтерді ұсыну
189	97.00.0	Үй қызметшісін жалдайтын үй шаруашылықтарының қызметі
190	98.20.0	Өзіндік тұтынуы үшін көрсетілетін қызметтерді ұсыну бойынша үй шаруашылықтарының қызметі

* қызметін бір сауда қызметін жүзеге асыруды объектісі шегінде жиынтық қоспағанда;

алаңы 2000 шаршы метрден * * * Қ а з а қ с т а н асатын сауда үй-жайында Республикасының сау- (-ларында), объектісінде да қызметін реттеу туралы (-лерінде), алаңында (дарында) заңнамасына сәйкес сау- осындай сауда объектілерінің да базарларына, 1, 2 және 3 аумағында жүзеге асыра- санаттағы стационарлық сау- тын кәсіпкерлік субъектілерін да объектілеріне жататын са- қоспағанда;

** бір қонақ үйдің не- олардың аумағындағы сауда емесе осындай қызметтер орындарын, сауда объектілері көрсетілетін жеке тұрған тұрғын мен қоғамдық тамақтану емес ғимараттың аумағында объектілерін жалға алуды қонақ үй қызметтерін ұсыну (қосалқы жалға алуды), сау- саласындағы екі және одан да объектілерін қосалқы жалға да көп салық төлеушілердің беруді қоспағанда.

БӨДЕНЕ ЖҰМЫРТҚАСЫ САТЫЛАДЫ

Әйтеке би кенті, Сырым батыр көшесі, 60-шы үйде бөдене жұмыртқасы сатылады. Жұмыртқа сатып алам деушілер 8 702 396 72 79 телефонына хабарласуына болады.

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компью-термен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор-бас редактор - 2-17-49, директор-бас редактордың орынбасары - 2-47-77, жауапты хатшы және бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11097 дана.